

## **Хаттама №2**

Астана қаласы әкімдігінің «№1 балалар музыка мектебі» МҚҚҚ бос лауазымға  
конкурстық негізде педагогті қабылдау туралы

**Откізілген күні:** 30.09.2024ж

**Уақыты :** 11:00

**Откізілген орны:** Астана қаласы әкімдігінің «№1 балалар музыка мектебі»  
МҚҚҚ

**Катысқандар:**

- 1.Мырзакулова У.Ж.- комиссия төрайымы;
- 2.Оралбаева Ж.Ш.- комиссия мүшесі;
- 3.Секербек Б.М.- комиссия мүшесі;
- 4.Айманов Б.И. - комиссия мүшесі;
- 5.Балабекова С.Г. - комиссия мүшесі;
- 6.Кожахметова М.Е. - комиссия мүшесі;
- 7.Хамитова Р.С. - комиссия мүшесі;
8. Жұмағалиқызы Самал хатшы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

- 1.Бос лауазымдық орындарға үміткер түйіндемесімен танысу;

**ВАКАНСИЯ:**

**1.Ахметова Аида** мамандығы домбыра аспабы, қосымша жұмысқа өтініш берілді, білімі жоғары. 2015-2019 жылдың аралығында Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің колледжісін аяқтаған. 2019-2023жыл аралығында Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің оқу бағдарламасы бойынша «өнер бакалавры» бітірген, 2023 жылдан бері Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің «Өнертану» ғылыминың магистратурасында 2-курс студенті болып оқып жатыр. Жұмыс тәжірбиесі Астана қаласындағы Халықаралық мектеп НИШ филиалында 2022

жылдан бастап домбыра пәнінің мұғалімі болып қызмет атқаруда, 2023 жылдан бастап Қазақ Ұлттық өнер университетінің колледжісінде практикалық жұмыс атқаруда. Жетістіктері 2018ж өткен А.Жұбанов атындағы Халықаралық жас орындаушылар байқауы 1-орын иегері атанған. 2020ж «Қос ішек» дәстүрлі күй конкурсы 3-орын иегері атанған. 2022 жыл Алматы қаласы үлкен Олимпиада 2-орын иегері атанған.

### **Үміткерге қойылған сұрақтар:**

Мырзакуова У.Ж. сөйлемді: Аида қызымыз өзіміздің мектебіміздің түлегі өзімізге мұғалім болып конкурсқа келіп отырсыз. Білімі сәйкес магистратурада оқиды екен мақсаты сұралды. Комиссия мүшелері сіздер не дейсіздер қандай сұрақтарыңыз болса қойыңыздар Комиссия мүшелері ешқандай сұрағымыз жоқ тесттен аман есен өтіп кетуіңізге тілекшіміз деп ойларын ортаға айтты.

Оралбаева Ж.Ш. сөйлемді: Аида мектепте оқып жүргендеге өте талантты дарынды оқушы ретінде көзге түсті, мықты домбырашы. Қарсы емеспін. Жас мұғалімдер қажет.

Тапсырылған құжаттар қаралды, төмендегідей шешім қабылданды.

### **ШЕШІМІ:**

1.Ахметова Аида домбыра сыныбының мұғалімі болып қосымша қызметке қабылдансын.

2.Кунтаева Ғалия Жанатханқызы мамандығы прима қобыз аспабы туған жері ШКО Жарма ауданы Шар қаласы білімі жоғары 2014-2018ж Семей қаласы М.Төлебаев атындағы музыкалық училищесін қызыл дипломға бітірген. 2018-2022 жыл Алматы қаласы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын қызыл дипломға бітіріп шыққан. 2022-2024 жыл аралығында Астана қаласы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің магистратурасын бітіріп шыққан. Жұмыс тәжірбесіне келсек 2016-2017 жыл аралықта Семей қаласы, Ә.Қашаубаев атындағы филармониясында «Бибігүл» казақ халық оркестрінде жұмыс атқарған. 2021-2022 жыл аралықта Алматы қаласында одан кейін Астана қаласында балабақшаларда жұмыс жасаған. 2023 жылды Астана қаласы 91- мектеп гимназиясында қобыз үйірмесінен сабак берген. Жетістіктері: Халықаралық, Республикалық, Қалалық конкурстарының лауреаты атанған.

### **Үміткерге қойылған сұрақтар:**

Мырзакурова У.Ж. Екі жұмыска үлгересізбе сіздерде гастролдік сапар болғанда, сабагынызды қалай бересіз? Концерт болғанда қалай болады? деп

сұрақ қойылды, және филармониядағы жұмыс уақытының қалай? **Кунтаева Фалия Жанатханқызы** филармониядағы жұмыс кестесін және басқа қалаларға концертке жиі шықпайтынын екі жұмысқа үлгеретінін айтты. Секербек Б.М. маған **Фалия Жанатханқызы** жас болсада жауапты екені көрініп түр. Бағалау парагымен толықтай танысып шықтым, менің қарсылығым жоқ деп айтты, және басқада комиссия мүшелеріде қарсы еместігін ортаға салды. Тест он нәтежиесімен тапсырылған

Тапсырылған құжаттар қаралды, төмендегідей шешім қабылданды.

#### **ШЕШІМІ:**

1. Кунтаева Фалия Жанатханқызы прима қобыз сыныбының мұғалімі болып қосымша қызметке қабылдансын.

**3.Хамзин Мақсат Амантаевич** «Дәстүрлі ән салу» аспабының мамандығы туған жері Ақмола облысы, Ерейментая ауданы Жаңажол ауылы. Білімі жоғары 1995-1999 жыл аралықта Ақмола музикалық колледжі, Қазақ Ұлт аспаптар бөлімі домбырамен ән айту мұғалімі, оркестр әртісі деген біліктілік берілген. 2001-2004 жылдары Қазақ Ұлттық музика академиясы, оқытушы, концерттік орындаушы, деген біліктілік берілді. **Жетістіктеріне келсек:** спорт министрінен, білім басқармасынан, сарыарқа ауданының әкімінен, алғыс хатпен марапатталған. **Еңбек өтілі:** Астана қаласы 2009-2016ж 2-өнер мектебінде қызмет атқарған. Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында және колледжінде оқытушы болып қызмет атқаруда.

#### **Үміткерге қойылған сұрақтар:**

**Хамзин Мақсат Амантаевич** өзі жұмысқа қабылдау тындалымына келmedі, электрондық түрде керекті құжаттарын жіберген. Комиссия мүшелері бақылау парагымен танысты. Бір ауыздан қосымша қызметке алуға келісті. Еңбек өтілі бар, тесттен он нәтежиесімен өткен. Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің «дәстүрлі ән салу» мұғалімі болып қызмет атқарады.

Тапсырылған құжаттар қаралды, төмендегідей шешім қабылданды.

#### **ШЕШІМІ:**

1. Хамзин Мақсат Амантаевич «дәстүрлі ән салу» сыныбының мұғалімі болып, қосымша қызметке қабылдансын.

**4.Альпесова Алия Туяқбаевна** музыка теория педагогі, білімі жоғары, магистр гуманитарных наук және педагог мастер. Көптеген курстарға қатысқан мақалалары бар, авторлық кітабы бар. Педагогикалық стажы 21-жыл 7-ай

**Үміткерге қойылған сұрақтар:**

**Альпесова Алия Туяқбаевна** Комиссия мүшелері бағалау парағымен танысып бір ауыздан келісіп 58-ші филиалға қосымша қызметке қабылдансын деген шешімге келді. Мұғалімнің жетістіктері өте көп.

Тапсырылған құжаттар қаралды, төмендегідей шешім қабылданды.

**ШЕШІМІ:**

Альпесова Алия Туяқбаевна музыка теория сыныбының мұғалімі болып, қосымша қызметке қабылдансын.

**5.Ташанова Венера Туреновна** мамандығы фортепиано аспабы, білімі жоғары, стажы 37 жыл, концертмейстр, фортепиано аспабынан педагог болып қызмет атқарған. Оқушылары халықаралық, Республикалық, Қалалық конкурстардың лауреты. Курсары бар, біліктілік санаты педагог-сарапшы.

**Үміткерге қойылған сұрақтар:**

**Мырзакулова У.Ж.** бізге толықтай штаттық қызметке келуге дайынсызба? Мамандықтан сабак бересізбе? әлде концертмейстр болып қызмет атқарасызба?  
**Ташанова Венера Туреновна** толықтай штатқа келуге дайынмын, мамандықтанда, концертмейстр болыпта қызмет атқаруға дайынмын деп жауап берді. Комиссия мүшелері бағалау парағымен танысып қуана барлығы бір ауыздан келісті. Бағалау парағы толық. Балл саны: 25

Тапсырылған құжаттар қаралды, төмендегідей шешім қабылданды.

**ШЕШІМІ:**

Ташанова Венера Туреновна фортепиано, концертмейстр мұғалімі болып, штатқа қызметке қабылдансын.

**6. Таженова Гүлназ Нұртазақызы** «эстрада-вокал» сыныбының мұғалімі болып №1 Балалар музыка мектебінде штаттық қызметкер болып жұмыс жасайды. Білімі жоғары, педагогикалық стажы 13 жыл көптеген курстарға қатысқан, әділ қазы мүшелерін атқарған, біліктілік санаты педагог-сарапшы. Оқушылары Қалалық, Республикалық, Халықаралық конкурстарының жүлдегері, Білім басқармасы, Даму орталығынан, Министрден алғыс хаттары

бар. Өз өзін кандидат ретінде директордың бейіні бойынша орынбасары ретінде қызметке өтінім сайт арқылы тапсырды.

### **Үміткерге қойылған сұрақтар:**

**Мырзакулова У.Ж.** Сәлеметсізбе! Сізден басқа конкурсқа құжаттарын тапсырған кісі жоқ. Осы жұмысты алғы кетуге дайынсызба? **Таженова Г.Н.** иә дайынмын. Директордың орынбасары қызметінің талаптарын, міндеттері түсіндірілді. Бөлім менгерушісі жұмысын өте жауапты атқарды. **Комиссия мүшелері:** біз Гүлназ Нұртазақызын жақсы танимыз, ісінзеге сәттілік! біз сізге сенеміз, көмектесеміз деп бір ауыздан бақылау парагымен танысып осы орынға лайықты деп шешім қабылданды. Балл саны -28

Тапсырылған құжаттар қаралды, төмендегідей шешім қабылданды.

### **ШЕШІМІ:**

Таженова Гүлназ Нұртазақызы директордың бейіні бойынша орынбасары болып, және 9-сағат эстрада-вокал мұғалімі болып штатқа қызметке қабылдансын.

### **Комиссия төрайымы:**


Мырзакулова У.Ж. 

### **Комиссия мүшелері:**


2. Оралбаева Ж.Ш. 

3. Секербек Б.М. 

4. Айманов Б.И. 

5. Балабекова С.Г. 

6. Кожахметова М.Е. 

7. Хамитова Р.С. 

### **Хатшы:**

8. Жұмағалиқызы Самал 